

С. Е. Ералина,

әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі;

Ә. Б. Түсіпбеков, *әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан мемлекеттілігінің жаңа кезеңі саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық фундаменталдық реформаларымен ерекшеленеді. Реформалануына мемлекеттік билік және басқару органдары ұшырайды. Бұл үрдіс 1995 жылы Қазақстан Республикасы Конституциянан бастау алып, әрі қарай біздің елімізде орталықтанбау үрдісі 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148 «Жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Заңында өз көрінісін тапты.

90-жылдардың ортасына қарай Қазақстан Республикасында басқарудың екі түрі қалыптасқан — республикалық және жергілікті, олардың әр қайсысына әртүрлі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктелген. Ол біздің еліміздегі биліктің деорталықтану процесі арқылы мемлекеттілігіміздің қалыптасуынан бәлінбеуде.

Қазіргі уақытта мемлекеттік басқару органдарының кәштеген сұрақтары жергілікті деңгейге берілуде. Ең маңыздысына қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жатқызуымызға болады. Еліміздегі жағдай, қала мен ауыл аймағындағы тыныш-тықты қамтамасыз етумен айналысуға шақырылатын билік жүйесінің қайта қарауды талап етеді.

Полиция органдары, мемлекеттің басқару органдары сияқты реформалануына ұшырайды (ол бірінші кезекте мемлекеттегі қылмыстылықтың кері әсерінің қалыптасу мен даму үрдістерінен болуда).

Бұл үрдіске бастау 1995 жылдың 21 желтоқсандағы қабылданған «Ішкі істер органдары туралы» Заңнан басталады. Бірінші рет Қазақстанда бұл заңмен ішкі істер органдары екі үлкен салаға бөлінді, ол — әкімшілік және криминалдық полиция.

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жо-лын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және әтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Өз қызметінде криминалдық полиция Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне бағынады, ал жергілікті полиция қызметінің бәлімшелері әкімшілік полицияға, кәлденен бойынша ІІМ бағынышты.

Кейін жергілікті полиция қызметінің құқықтық мәртебесі «Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1142 қаулысында бекітілді. ЖПҚ әзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, әзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Жергілікті полиция қызметі учаскелік полиция инспекторлары бәлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жәніндегі бәлімшелерден, жолпатрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бәлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады.

Жергілікті полиция қызметінің жұмысын үйлестіруді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі дара басшылық және субординация (бағыныстылық) қағидаты негізінде ішкі істер органдарының қызметін регламенттейтін бірыңғай нормативтік-құқықтық және әдісте-мелік базаға сәйкес жүзеге асырады.

Қаулының 2-бабына сәйкес, ЖПҚ келесі міндеттер жүктелген:

- 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- 4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;
- 5) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу; қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру;
- 6) ішкі істер органдарының қабылдау-бәлу және арнайы қабылдау орындарында адамдар-ды ұстау;
- 7) ЖПҚ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері ал-дында қоятын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз ету жәніндегі әзге де міндеттер².

Қоғамдық тәртіп пен азаматарды қорғауда, ЖПҚ едәуір күш болып табылады.

Бүгінгі уақытта қылмыстардың 90 пайызы полиция қызметкерлермен тергеліп ашылады. Бұл жалғыз құрылым, екі бюджеттен қаржыланады — жергілікті және республикалық. Қазіргі уақытта әкімшілік полициясының 60 %, жергілікті бюджеттен қаржыландырылады, себебі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жергілікті полиция қызметі пайда болды. Оның аймағының құзыретіне кіретін мәселелердің кәбісін, нақты аясында жергілікті атқарушы органдарымен шешіледі. Сондықтан жергілікті полиция қызметі, логика бойынша, олармен қатар жергілікті қауымдастыққа бағынышты болу керек.

Халықаралық тәжірибесіне сүйенсек, бұл модельдердің бірнеше түрі бар. Кем дегенде орталықтанған және орталықтанбаған модельдер болып табылады. Сонғысы, федералдық құрылымға тиесілі, әйткені олардың әрбір субъектінде муниципалды полиция бар. Сонымен қатар аралас түрлері де бар. Бірақ Қазақстан Республикасында мұндай тәсіл орынсыз деп танылды.

Жергілікті полиция өз қызметін 2016 жылдың қаңтарынан бастау алады. Оның әкілеттік-тері, міндеттері мен құқықтары ІІМ барлық жүйесіне тиесілі нормативтік-құқықтық актілері-мен регламенттеледі.

Тиісті мәслихаттың келісімімен Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті полиция қызметі басшысының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі ұсынады. Ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) жергілікті полиция қызметі басшысының лауазымына кандидатураны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті полиция қызметінің басшысы ұсынады. Жергілікті полиция қызметі басшыларының лауазымына кандидаттар Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес, ішкі істер органдарында кадр резервінде тұрған полиция қызметкерлері қатарынан тағайындалады. Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының лауазымында болу мерзімі тағайындалған кезден бастап бес жылдан аспауға тиіс (4 б. 29-бап.)³.

Қазіргі уақытта жергілікті полиция қызметі әтпелі кезеннен өтуде. Сондықтан қарастырылып жатқан қызметте бірнеше шешілмеген мәселелер байқалуда. Оның бірнешеуін атап айтқанымыз жән деп санадық. Біріншісі, ЖПҚ құрамына кіретін кейбір бәлімдер мен бәлімшелердің нақты қызметінің бағыттары кәрсетілмеген.

Екіншісі, ЖПҚ басқа құқық қорғау органдарымен ара қатынас дұрыс айқындалмаған, бірінші кезекте криминалдық полициямен, жергілікті атқарушы мен әзін-әзі басқару орган-дарымен. Сонымен қатар, жергілікті полиция қызметінің әлсіз жері ол кадрлық құрамы мен матери-алды-техникалық қамтамасыз ету.

1 Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 ҚР Заңы (күшін жойды) // <http://online.zakon.kz>

2 Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1142 қаулысы // <http://online.zakon.kz>

3 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және әзін-әзі басқару туралы ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы // <http://online.zakon.kz>